

ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЛИДЕРА НАЦИИ

СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ



**ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ
И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ НАУКИ
В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ**

VIII Международная научная конференция

Сборник статей
(часть 5)

Общественно-гуманитарные науки

Зиева Ж.Н. Қазақстан жаһандану жолында	103
Ипсамит М.А., Нурбекова Ж.А. Основные концепции	107
подежной политики	
Ражанов Н.С., Кенжакимова Г.А. Қазіргі оқылым мәдени	110
кірибе мен әлеуметтік феномен ретінде	
Сжанова С.С., Чинасилова А.М. Әлеуметтанушылық	117
қарастағы экологиялық мәдениет	
Ирманжанова К.К. Внедрение инклюзивного образования в	121
вахстане	
Ийрханова А. О., Садырова М.С. Мигранттармен жүргізілетін	127
әлеуметтік жұмыс түрлері	
Ахмұтова З.Б. Профилактика агрессивного поведения детей-	133
сирот в условиях детского дома	
Ийрманов А.Д. Қожа Ахмет Ясауи мұрасының рәміздік	137
мәні мен ғибраттық мәні	
Қарбекова Ж.О., Рамазанова Ә.Х. Көші-қон саясатын жүзеге	145
келтірудегі оралмандар мәселесі	
Қарарова Ә.Т. Халықтың қауіпті қоғам жағдайындағы әлеуметтік	148
әлеуметтік өзін-өзі сезінуі	
Қаратдинова Б.У. Студенттердің жоғарғы оқу орнындағы	151
әлеуметтену процесіндегі эмоциялық күзінеттіліктердің дамуының	
психологиялық ерекшеліктері	
Қасымов Қ.Д. Жаһандану дәуіріндегі азаматтық қоғамның негізгі	157
концепциялары	
Қасымжанова А.Х. Особенности социально-политического	162
фоттворчества	
Қасымжанов Б.К. Мигранттардың жаңа ортаға бейімделуінде	166
өзіндік психологиялық мәселелері	
Қасымжанова А.Р., Абдирайымова Г.С. Миграционные процессы	169
и проблема роста детей-сирот в контексте социальной работы	
Қасымжанова И.С., Авсыдыкова Қ.А. Еңбек миграциясының еңбек	175
өнімді қалыптастырудағы рөлі	
Қасымжанова Ж.Ж. Қазақстандағы миграцияны мемлекеттік реттеу	181
жүйесін жетілдіру жолдары	
Қасымжанова И.Қ., Султанова А.М. Жаһандану кезеңіндегі мигрант-	185
тарлардың бейімделуі және әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері	
Қасымжанова А.А., Әбдірайымова Г.С. Мәдени капиталдың	190
қоғамның әлеуметтік-экономикалық трансформациялануының	
әлеуметтік ретіндегі мазмұны	
Қасымжанова Ж.Е. Жасөспірімдер мен жастарға әлеуметтік қызмет	195
қосып беретін орталықтар мен мекемелердің құрылымдық жүйесі	
Қасымжанова Б.К., Асқар Л.А. Әбу Насыр Әл Фарабидің	199
ойларының жаңа тұстары: философиялық көзқарас	

42. Чинасилова А.М., Дүйсенова С.М. ҚАРТ Адамдардың өзі-өзіне белсендендірудің теоретикалық аспектілері
43. Шалқар С., Чарлиз Д., Қайратова І. Қазақстан Республикасындағы ішкі және сыртқы миграцияның тұрғылықты халыққа психологиялық әсері
44. Шнарбекова М.К., Әбдірайымова Г.С. Білім мен кәсіптік траекторияны таңдаудың шынайы бастаулары
45. Шүкірбек С., Құранбек А.А. Әл-Фараби дүниетанымының қалыптасу бастаулары
46. Moldashbayeva A. D. Positive thinking as a psychotherapeutic treatment for cancer patients
47. Tileubayeva M. Poets' creative writing in psychology
48. Мингазов Р. Я. К вопросу о взрывной отбойке при освоении подземных рудных и открытых пластовых месторождений полезных ископаемых
49. Алибаева А. Современные аспекты приватизации в Казахстане

Нұрмұмов Ә.С. Қазақстан Республикасындағы миграциялық саясаттың кейбір мәселелері // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік Университетінің хабаршысы, № 2 (34) 2012, 20-22 б.

Шибутов М.М. «Обзор модели управления внешней миграцией в Республике Казахстан» // <http://www.riss.ru/demography/famille/3510-obzor-modeli-upravleniya-vneshnej-migratsiej-v-respublike-kazakhstan#.VEZeTvmsU2Y>

Махмутова М. Миграция и исследование отправителей денежных переводов в Казахстане // Международный симпозиум по вопросам экономического и социального воздействия миграции, денежных переводов и диаспоры. - Ереван, 24-25 июня, 2010 <http://www.aikyn.kz/news/view/23763>

Шнарбекова Меруерт Қақпанбайқызы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің PhD докторанты
Ғылыми жетекші: социол.ғ.д., профессор
Әбдірайымова Гүлмира Серікқызы

БІЛІМ МЕН КӘСІБИ ТРАЕКТОРИЯНЫ ТАҢДАУДЫҢ ШЫНАЙЫ БАСТАУЛАРЫ

Қоғамның кәсіби құрылымындағы өзгерістер макро-факторлардың мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер, дағдарыс) микро-факторлардың (отбасы, оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени капиталы, тұлғаның бастапқы біліктіліктері, мамандықтың мәртебесі) әсері негізінде жүзеге асырылатын күрделі және жан-жақты талдауды қажет етеді.

Кәсіби таңдау мәселесін зерттеу П.М. Блау мен О.Д. Дунканның «The American occupational structure» еңбегінен бастау алады. Олар американдық қоғамның кәсіби құрылымын зерттей отырып, еңбек бөлісінде белгілі бір топтық жіктелудің белгілерін айқындайды. Құрама штаттарда жүргізілетін таңдауға ең ауқымды сандық зерттеу қорытындылары негізінде ата-аналарының мәртебесін баласына беруі оның біліміне, яғни білім мен кәсіби траекториясын таңдауға әсер ету арқылы жүзеге асырылатыны сипатталады. Кәсіби таңдау мен отбасының әлеуметтік-экономикалық активтері арасында байланыс бар [1].

П.М. Блау мен О.Д. Дункан алған білім мен болашақ кәсіби активтіліктердің өзарабайланысының күшейюіне ерекше назар аударады. Аталмыш зерттеушілердің пікірі бойынша, аталмыш байланыс әлеуметтік ұтқырлықтың ауқымын тарылтады, ал білімнің кәсіби иерархияға өтпелі көпір ретінде қызмет етуінің маңыздылығының сақталуы кәсіби таңдаудағы әлеуметтік теңсіздіктің қалғасуына жағымды әсер етеді.

Әлеуметтік стратификацияға маманданған әлеуметтанушылардың тәжірибелік қауымдастығы Блау-Дункан моделін жетілдіру бойынша зерттеушілердің жұмыстарын жалғастыруда. Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа кәсіби траекторияларды сақтау механизмін зерттеуде когнитивті мүмкіншіліктер ретінде әлеуметтік контекст әсер ететін қосымша факторлар ретінде енгізіледі.

XX ғасырдың екінші жартысында мамандық мәртебесін бағалау бағытталған АҚШ-тан Жаңа Зеландияға дейін елдердің түрлерін қамтитын үлкен зерттеу жүргізілді. Респонденттерге жоғары-төмен шкаласы бойынша мамандықтарға қатынасын белгілеу ұсынылды. Өндірістің индустриалдық жүйесі дамыған елдерге ұқсас жағдай болды, аталмыш елдерде бірдей мамандықтарға сұраныс бар: инженер-механиктер, есепшілер және т.б. Аталған мамандықтарды меңгергендер негізінен, барлық елдерде тең мәртебеге ие болады [2].

Мамандықтың мәртебелік көрсеткіштері жалпы уақыт бойынша тұрақты. Эксперттер, АҚШ-та 1925 жылдан бері әрекеттің мәртебесін бағалауда аса өзгерістер болмағанын атап өтеді.

Дональд Дж.Трейман мамандық мәртебесі талданған 53 зерттеуінің қорытындылары негізінде әлемде мамандық мәртебесін бағалаудың өзара ұқсастығын анықтайды. Трейман теориясының негізгі постулаты келесідей [2, 355]:

- барлық қоғамда адамдардың негізгі қажеттіліктері бірдей заманғы социумда белгілі бір саяси мен әскери ұйымдар бар, олардың әрекеті мен әрекетінің әлемде ұқсас. Сондықтан өзара ұқсас еңбек қалыптасады;

- еңбекті мамандандыру жағдайында белгілі бір адамдардың репутациясы өзгелерден гөрі көбірек болады және сәйкесінше, оларды қажетті өкілеттіліктері де артады. Еңбек бөлісін мамандандыру нәтижесінде түрлі деңгейдегі билік қалыптасады - дәрігерлердің жұмысшылармен салыстырғанда маманданымы, табысы жоғары болады, мүлкі көбірек болады;

- қоғамда билігі бар адамдар артықшылықтарға ие;

- билік пен артықшылықтар жоғары бағаланғандықтан,

байланысты мамандықтар да мәртебелі саналады.

Трейман теориясы әр түрлі мамандықтардың маңыздылығын зерттеуге негізделген Дэвис пен Мур тұжырымдамасы мен еңбек бөлісін ролін айқындайтын К. Маркс көзқарастарының элементтерін қамтиды.

Атақты француз ғалымдары П. Бурдьенің Ж.-К. Пассрон билік жетімділікті отбасының әлеуметтік-экономикалық тап өкілділігі білім факультеттердегі таралуын зерттеген. Зерттеу мәліметтері білім жетімділікте әр түрлі әлеуметтік категориялардың өкілдері арасында бірқатар теңсіздіктерді айқындаған. Шаруашылықпен айналысатын жұмысшы отбасының балаларының білім алуға 1,2% шамасында өндірісші отбасының баласы 2 мүмкіншіліктің кемінде 1-не ие [3, 227].

Білім алудың/ала алмаудың мүмкіншіліктерін түсіну ата-аналардың тұлғаның кәсіби таңдау стратегияларын айқындайды және олардың мүмкіншіліктер негізінде білім алу және кәсіби таңдау бағытталған жоспарларды жасайды.

П. Бурдьенің білім беру жүйесін меритократиялық мақсаттарды қолдауға әлеуметтік тәртіпті сақтауға бағытталған механизмдерді қолданады. Кәсіби таңдау тұлғалық қабілеттіліктер мен қызығушылықтарға байланысты.

емес, ал студенттің әлеуметтік иерархиядағы орнымен анықталады. Білім саты бойынша төмендеген сайын, сәйкесінше, кәсіби деңгейі ауқымы да тарыла береді.

Студенттің эмпирикалық мәліметтері бойынша, индивидтің әлеуметтік кәсіби таңдауға елеулі әсер етеді. Жоғары тап студенттері заң мен экономикалық факультеттерге көбірек қызығушылық білдіретін болса, ал студенттері, негізінен, гуманитарлық және ғылыми-техникалық факультеттерге көбірек таңдаған.

Бұрдың мәдени капитал теориясына негізделетін болсақ, индивидтің әлеуметтік тәрбиесі негізінде мәдени капиталды қалыптастырады және оны да бойына сіңіреді. Жоғары таптағы ата-аналар, әлеуметтік-экономикалық ресурстар мен мәдени капиталы негізінде балаларына сапалы тәрбиені береді, ал бұл өз кезегінде болашақта оларға жоғары әлеуметтік деңгейде оқуға ұстануына мүмкіншілік береді [3].

Мәдени капиталдың берілуі әлеуметтік теңсіздікті қалыптастырады және оны өкілдері ауқатты отбасы балаларының білімдегі жетістіктері мен мүмкіншіліктері бар екендігін және қажетті шарттармен қамтамасыз ете алатындығын атап өткен [4].

Сонымен қатар, білім беру социологиясының стратификация теориясы мамандарының жағдайы туралы бағытының дамуына әсер етеді және оны қалыптасуы, негізінен, марксистік емес, веберлік ұстанымдарға негізделген. Мәдени ресурстар еңбек нарығында белгілі бір мадақтауға әкеліп, олар арқылы сақталады және беріледі, яғни кәсіби мансаптың негізі болып табылады.

Мәдени ресурстарының кәсіби таңдауға әсерін социологиялық зерттеулер стратегияларын қалыптасу негіздерін айқындауға бағытталған. «Кәсіби таңдау білім траекториясын таңдаумен алмастыру» феномені болашақта экономикалық мәртебе туралы нақты түсініктер болмағандықтан жоғары білім құндылығының әмбебаптану үрдісінде жүзеге келіп отыр.

Ата-ананың білім, мәдени ресурстарының әсері ресейлік зерттеулер нәтижелерінде айқын көрініс табады. Д. Л. Константиновский әлеуметтік-кәсіби мәртебесіне сәйкес түлектің білім және кәсіби таңдауы туралы жоспарлардың қалыптасу тенденциясын 20 жылдан бері негізінде көрсетеді [5].

Білім деңгейінің әсері индивидтің әлеуметтік мансабына ата-ананың білім деңгейінің әсері мен Г. А. Ястребов зерттеулерінде сипатталады.

Шульц пен Г. Беккердің адам капиталы теориясы шеңберінде қалыптасуы қорытындылар кеңінен жасалынады. Білім және кәсіби таңдау болашаққа «инвестициялар» ретінде қарастырылғандықтан, олар кезінде ата-аналардың стратегиялары қолдағы ресурстармен қамтамасыз пайдалану негізінде қалыптасады. Білім алу шығындары мен пайдалы мамандық артықшылықтарын талдау негізінде қолдағы ресурстарды тиімді пайдалана отырып, мақсатқа қол жеткізу көзделеді [6].

Білім мен кәсіби траекторияны таңдаудың аталмыш моделі тәжірибеде жүзеге асырылуы мүмкін, дегенмен, индивид үшін білім алу нақты кәсіби мәртебеге өтпелі қадам ғана емес, даму мен өзіндік жетілудің тұтқалық құндылығы болып қабылданады.

Қазіргі заманғы социологиялық зерттеулер мәліметтері бойынша, қазақстандық түлектердің кәсіби таңдауына жоғары табыс, болашақ мамандықтың мансабы, әлеуметтік мәртебе, оқудың төмен төлемі мен гранттық орындарының болуы секілді факторлар әсер етеді [7].

Жоғары табыс нұсқасын сұралған студенттердің 48,9%-ы негізгі фактор ретінде белгілеген.

Сонымен қатар, болашақ мамандықтың мансабы - 28,3%, әлеуметтік мәртебе - 24,6% көрсеткіштері де маңызды болып табылады [7, 6 б.].

Мамандықтар бойынша кәсіби іс-әрекетті таңдауға әсер ететін факторлар

(жалпы респонденттерден % бойынша)

№	Жауап нұсқалары	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар	Жаратылыстану ғылымдары	Заң мамандықтары мен экономикалық қатынастар	Экономикалық мамандықтар	Техникалық және инженерлік мамандықтар	Денсаулық сақтау	Ақпараттық жүйелер және өндіріс техникасы
1	Жоғары табыс	42,1%	43,4%	58,3%	50,4%	66,7%	45,2%	53,8%
2	Мансап	28,9%	23,6%	50,0%	30,6%	33,3%	46,2%	20,6%
3	Әлеуметтік мәртебе	29,8%	15,9%	16,6%	26,3%	19,0%	21,5%	18,6%
4	Тиімді байланыстар орнату	15,8%	13,5%	25,0%	13,8%	4,7%	13,9%	11,0%
5	Билік	7,9%	2,4%	33,3%	13,8%	23,8%	11,8%	6,9%
6	Қолжетімділік (төмен оқу ақысы, гранттық орындардың болуы)	22,8%	30,4%	0%	20,4%	9,5%	21,5%	13,8%
7	ЖОО, факультет мәртебесі	22,8%	34,7%	33,3%	15,3%	9,5%	20,4%	17,2%
8	Ата-ананың	21,9%	14,9%	25,0%	26,3%	19,0%	7,5%	37,9%

жақындардың және достардың кеңестері								
Туыскандардың, достардың, таныстардың үлгісі	3,5%	5,3%	16,6%	7,3%	4,7%	3,2%	7,6%	
Жағдай	14,0%	42,1%	0%	6,6%	0%	45,2%	4,8%	

Мамандықты таңдауда мынадай тенденцияларды бөліп қарастыруға болады:

- жоғары табыс, жооны таңдаудың жетекші бағыты. Дегенмен, мұнда мамандықтар бойынша айырмашылықтар кездеседі: гуманитарлық сала студенттері үшін бұл позиция (24%) аса маңызды емес, ал заң мен денсаулық сақтау бағытының студенттері бұл жауап нұсқасын 58,3% таңдады;
- заң мамандықтары мен халықаралық қатынастар студенттері өздерінің болашақ мамандықтарын мәртебелі деп бағалайды - 50%;
- әлеуметтік мәртебе позициясы денсаулық сақтау саласына - 46,7% тән;
- жаратылыстану мамандығын таңдауда төмен оқу ақысы мен гранттық орындардың болуы ерекше мәнге ие - 30,4% [7,76].

Түлектің білім мен кәсіби траекториясын таңдау терең теориялық және эмпирикалық талдауды қажет етеді. Мәселе бойынша социологиялық бағыттарды қысқаша теориялық шолу кәсіби таңдауда тұрақты ұстанымдарының, отбасының стратегияларының аса өзгермегенін көрсетеді. Жоғары тап өкілдері әлеуметтік-гуманитарлық немесе техникалық емес, ал заң мен медицина факультеттерін жиі таңдайды.

Білім және кәсіби траекторияны таңдау отбасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени ресурстарын, түлектің жеке тұлғалық қабілеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылатын мақсатты рәсімдік іс-әрекет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Blau P.M., Duncan O.D. The American occupational structure. - N.Y.: John Wiley, 1967. - 520 p.
2. Смелзер Н. Раздел II. Социальное Социология. Пер. с англ. - М.: Феникс, 1994. - 688 с.
3. П. Бурдые, Ж-К. Пассрон. Воспроизводство: элементы теории системы общества. М., «Просвещение» 2007. 270 с.
4. John H Goldthorpe. Progress in Sociology: The case of social mobility research. Working papers. Stockholm, November, 2004. 40 p.
5. Вахштайн В.С., Константиновский Д.Л., Куракин Д.Ю. Качественное исследование доступность и региональная политика // Социальная политика в современных условиях реформы и повседневность / под ред. П. Романова, Е. Ярской-Смирновой. М.: Институт социологии РАН, 2008. - 465 с.

6. Schultz, T. W. The economic value of education. N.Y.: Columbia University Press, 1961.
7. Abiraiymova G.S., Jamanbalayeva Sh.E. and others. Professional choice and university graduates in the labor market in Kazakhstan/Proceedings of the International Conference on Political Science, Sociology and International Relations. P. 159-163.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және социология факультеті, философия мамандығының 2 - курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: филос. ғыл. канд., доцент Құрманғалиев

ӘЛ-ФАРАБИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ БАСТАМАЛАРЫ

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Арыс өзені Сырға бару жолында өңірдегі Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабитанудың бүкіл әлемге таратылуы Кеңес үкіметі мен бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан ғылым философиясындағы даму қарқыны, ойшыл мұрасын зерттеу, иррационализмнің уақыт озған сайын біртіндеп кеңейе беретінін көрсетіп өмірбаяны, ол өмір сүрген дәуір келбеті, дүниетанымының қазақ ғылымға қосқан үлесі, философиясының мәні, ерекшелігі жайлы көркем шығармалардан бастап - ғылыми-танымдық еңбектер, монографиялар, мақалалар кеше де жазылған, бүгін де жазылуда келешекте де жазыла берері сөзсіз.

Фараби еңбектерін ең алғаш жинау, зерттеу, таныстыру жұмыстарының бастамасын алғашқы кезінде 1920-жылдары профессор Ақжан Жармашев, академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ақжан Жармашев еді. Ол 1968 жылы араб елдеріне саяхат жасап, араб ғалымы кездесіп, Фарабидің Шам (Дамаск) қаласындағы зиратын тауып, түсіріп әкелді. Фараби еңбектерін алғаш рет қазақ тіліне аударған А.Машанов болды [1, 5 б.]. Осы орайда «Ана тілі» газетінде (18.11.1978) жарық көрген Сәтбаев атындағы ҚазақҰТУ-дың профессоры, пәнаралық ғыл. докторы, техн. ғылымының кандидаты, «Ақжан Машани» халықаралық қоғамдық қорының президенті Шамшиден Абдраманмен болған «Білім және Ақжан Машани» атты сұхбаттан түйеріміз мол. Бұл сұхбатта А.Машановтың әл-Фараби мұрасын зерттеудегі қажырлы еңбегі мен ерен ерлігі туралы да дәлелді деректер келтіреді. Қажырлы еңбектің 1958 жылдан басталып, өмірінің соңына дейін жалғасқан Фараби мұрасын жинау, зерттеу, таныстыру болса, ерен ерлігі - сол кездегі дүрлігі мен ерлік идеясының ықпалы әсеріне қарамастан - әл-Фараби мұрасы жері Отырар, руы қыпшақ екенін дәлелдеп, қазақтың тарих, философиясы, ғылым, философиядан өзіне тиеселі үлесін алып беруі еді. Ол кезіндегі ұлттың әлі қалыптаспағаны, түркі этностарының қалыптасуының өзіннің бүгінгі көптеген халықтар арасында кездесетіндігіне тартқанның өзінде қыпшақтың, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан